

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Инструкция: Вам предлагаются задания с одним правильным ответом из четырех предложенных.

1. Оқшау сөздің түрі
А) Үстеу
В) Шылау
С) Етіс
D) Одағай
2. Көмекші есім қатысқан тіркес
А) ішкі жан дүниесі
В) әңгіменің басы
С) қонақтың алды
D) мектептің іші
3. Оңаша тәуелдеулі сөз
А) Олардың айтуынша
В) Сендер келіндер
С) Сенің бағың
D) Біздің балаларымыз
4. Күрделі мезгіл үстеуі
А) ертеректе
В) ертеден
С) жазғытұры
D) баяғыда
5. Ырықсыз етіс қатысқан тіркес
А) шарт жасалды
В) алыстан көрінді
С) қабырғаны ағартты
D) өлең айтқызды
6. Бұйрық райдың жіктелу үлгісі
А) Мен кешке барайын.
В) Сен жазда барсаң.
С) Сіз барсаңыз болғаны.
D) Сен барсаң болды.
7. Ортақ тәуелдеулі сөз
А) Менің мекенім
В) Оның көлігі
С) Біздің жеріміз
D) Сіздің қызыңыз

8. Күшейтпелі шырай қатысқан сөйлем
- A) Бөлме іші дымқыл тартыпты.
 - B) Жапырақ сарғылт түске боялған.
 - C) Тұсқағаздың жасылдау түсін алдық.
 - D) Ғимараттың іші тым үлкен көрінді.
9. Көптік жалғауы дұрыс жалғанған сөз
- A) шаштар
 - B) тұмандар
 - C) өнегелер
 - D) өсімдіктер
10. Көмекші есім қатысқан сөйлем
- A) Ауыл маңында үлкен көл бар.
 - B) Тіл – адамзат баласына берілген ерекше қабілет.
 - C) Ақсақалдар жиынға белсене қатысты.
 - D) Анар – өте талапты оқушы.
11. Зат есімге айналған сын есім
- A) өнерлі
 - B) ауылдық
 - C) салмақты
 - D) үлкенге
12. Оңаша тәуелденген сөзі бар сөйлем
- A) Біздің балаларымыз тамаша өнер көрсетті.
 - B) Отандық тауарларымыз әлемдік аренаға шықты
 - C) Бүгін Алматының ірі кәсіпкерлері бас қосты.
 - D) Бәріміздің ойлағанымыз – халықтың жағдайы.
13. Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулық қатысқан мақал
- A) Ұстамен жақсы болсаң, ісің бітеді
 - B) Жақсылық пен жамандық егіз
 - C) Ерлік білекте емес, жүректе
 - D) Досы жақсының өзі жақсы
14. Одағай сөз қатысқан сөйлем
- A) Сабағыңды аяқтадың ба, балам?
 - B) Рас, бүгінгі мереке көңілді өтті.
 - C) Мереке жақсы өткен-ау, сірә.
 - D) Мәссаған, қар еріп кетіпті ғой.
15. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
- A) Үйде отырғысы келмей, сыртқа шыққан екен.
 - B) Отын көп болғандықтан, қайда қоярын білмеді.
 - C) Ауа райы суық болған соң, бірден келісе қоймады.
 - D) Отынды өндіре тұра, тапшылығын жиі сезінеміз.

16. Көптік және жатыс септігінің жалғаулары арқылы жасалған болжалдық сан есім
- A) мыңға тарта қой
 - B) он-он бес күн
 - C) отызға жақын
 - D) жасы елулерде
17. Жатыс септік тұлғасындағы есімшеден жасалған мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.
- A) Миграция көп болғандықтан, халық саны азайды.
 - B) Екеуі үйден шыққанда, қонақтардың соңы әлі тарамған еді.
 - C) Алаш үкіметі орнағаннан кейін, әділ шешілетініне сенімді болды.
 - D) Кең бөлме бос қалғандай, сынған роботының жанына отыра кетті.
18. Бұйрық райлы сөйлем
- A) Сендер Наурыз мерекесінде көшет отырғызындар, ауланы тазалаңдар!
 - B) Ертеден бері Наурыз мерекесін бүкіл халық, ұлыс болып бірге тойлайды.
 - C) Шығыс халықтарының түсінуінше, Наурыз – үндестік мейрамы.
 - D) Наурызда бүкіл тіршілік оянады: жылылық келеді, жерге көк шығады.
19. Анықтауыш қызметіндегі еліктеу сөздер
- A) Таңертең сағат шыр етті.
 - B) Даладан машинаның гүрілдеген дауысы естілді.
 - C) Ол қисалаң-қисалаң етіп келеді.
 - D) Бір кезде үйде жарық жалп етті.
20. *Жастадың жоғары білімін елімізде алуына, не болмаса алыс шет елде жалғастыруына болады.*
- Салалас құмалас сөйлем түрі
- A) Түсіндірмелі салалас
 - B) Ыңғайлас салалас
 - C) Кезектес салалас
 - D) Талғаулы салалас

Инструкция: Вам предлагаются тестовые задания на основе контекста с выбором одного правильного ответа из четырех предложенных. Внимательно прочитайте контекст и выполните задания.

Қазақ халқы адамның жасын мүшелмен есептеген. Бірінші мүшелге толған жеткіншекке үлкен сенім артқан.

Қазақ халқы ұл балаға ертеңгі абыройлы әке, елін қорғар батыр, ұлтының қамын ойлайтын еңбексүйгіш перзент ретінде тәлім-тәрбие берген. Ұл баланы өте әділ, қайсар, өнерлі, білімді, алғыр азамат етіп тәрбиелеген. Қазақта ұл шаңырақ иесі саналады. Қазақ отбасында жасы кішісі үлкеніне «сен» деп сөйлемеген. «Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без, Ана тұрып, қыз сөйлегеннен без», деп, ата-ананы ардақтауға, имандылыққа үйреткен.

«Әке көрген оқ жонар...», – деп, әкелер білетін өнерін ұлдарына үйреткен. Оларды мерген, аңшы, яғни сегіз қырлы, бір сырлы жігіт етіп тәрбиелеген. «Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар», – деп өнерлі болуға, «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», – деп қайратты, саналы жігіт болып өсуіне мән берген. «Ақыл – жастан, асыл – тастан», – деп, өзіне ерекше сенімді болуды үйреткен.

Дүниеге ұл келсе: «Шаңырақ иесі туды!» – деп той жасаған. Отбасындағы ер баланың өз орны бар. Мысалы, тұңғыш ұл – кейінгі іні-қарындастарының қамқоршысы, ата-анасының көмекшісі, оны «Ағасы бардың жағасы бар» деп құрметтеген. Кенже ұлды «шаңырақ иесі» деп қадірлеген. Кенже ұл әке-шешенің қолында қалып, оларды баққан.

21. Мәтіннің тақырыбы

- A) ұлттың қамы
- B) қыз тәрбиесі
- C) өнер тақырыбы
- D) ұрпақ тәрбиесі

22. Дүниеге келген ұл балаға жасалған тойдың себебі

- A) ұрпақ жалғастырушы
- B) інілерінің ақылшысы
- C) анасының қамқоршысы
- D) қара шаңырақ иесі

23. Шаңырақтағы кенже ұл ...

- A) іні-қарындастарының қамқоршысы болған
- B) ата-анасының қолында қалып, оларды баққан
- C) мүшелге толған жеткіншекке үлкен сенім артқан
- D) ата-анасының көмекшісі, шаңырақ иесі

24. Ұл баланың қайратты, саналы болып өсуіне сай келетін нақыл

A) «Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без»

B) «Ақыл - жастан, асыл - тастан»

C) «Әке көрген оқ жонар»

D) «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді»

25. Отбасындағы тұңғыш баланың орны

A) Кейінгі іні-қарындастарының қамқоршысы

B) Елін қорғар батыр

C) Шаңырақ иесі, ата-анасының асыраушысы

D) Ұлт қамын ойлаушы.

Инструкция: Вам предлагаются задания, в которых могут быть один или несколько правильных ответов.

26. Болымсыздық есімдігі қатысқан сөз тіркес(-тер)і

- A) Ештеңе етпес
- B) Ешқашан айтпа
- C) Қайда бардың?
- D) Ешкім келмеді
- E) Өзіңе тиімдірек
- F) Бұл бөлме?

27. Келер шақта тұрған етістік(-тер)

- A) тұрмын
- B) жүрсің
- C) келді
- D) барады
- E) салмақшы
- F) отырсыз

28. Туынды үстеу арқылы жасалған сөз тіркес(-тер)і

- A) Өзінше айтты
- B) Құсша ұшатын
- C) Нағыз жігіттер
- D) Қазір айтамын
- E) Жаңаша орында
- F) Ілгері жүргізді

29. Салыстырмалы шырай(-лар)

- A) дымқыл
- B) биіктеу
- C) әдемірек
- D) білімді
- E) бақытты
- F) аппақ

30. Жалпылау есімдігі (есімдіктері)

- A) барша халық
- B) осы аптада
- C) өзінің ойы
- D) кейбір құстар
- E) күллі әлем
- F) гүлдің бәрі

31. Салыстырмалы шырайлы сөйлем(-дер)
- A) Зор құрметке ие болдым.
 - B) Керемет көріністі көрдім.
 - C) Қап-қара болып кеткен.
 - D) Дымқыл еденге төселген.
 - E) Ақшыл көйлегін киіпті.
 - F) Маған қаттырақ көрінді.
32. Жекеше түрде жіктелген бұйрық рай етістігі (етістіктері)
- A) көріңіздер
 - B) жазайын
 - C) жазыңыздар
 - D) барайық
 - E) салайын
 - F) келіңіз
33. Сілтеу есімдігі қатысқан сөйлем(-дер)
- A) Анау ауыл күзге дейін қалың елге айналады.
 - B) Осы пәтерді таңдап алды.
 - C) Мынау ауылда әке-шешем тұратын еді.
 - D) Көп ішінде сыбыр-күбір осылай жүрді.
 - E) Жүзіне қан жүгіріп, көзі жайнап кетті.
 - F) Ермек енді әрқайсысымен қол алысты.
34. Дұрыс тіркескен күшейтпелі шырай(-лар)
- A) тым үлкен
 - B) ең жақсы
 - C) ұп-ұзын
 - D) аса қызыл
 - E) өте жасыл
 - F) нақ биік
35. Қарсылық жалғаулықты құрмалас сөйлем(-дер)
- A) Еліміз қарқынды дамуда, себебі жастары білімді.
 - B) Интернеттің пайдасы көп, алайда зияны да бар.
 - C) Таңертең күн ашық еді, бірақ кешке қар жауды.
 - D) Біз бүгін жеңдік, дегенмен негізгі жарыс алда.
 - E) Роботтың көптеген түрі бар, тіпті жәндік түрінде.
 - F) Туған жердің ауасы да шипа, жуасы да тәтті.